

**МКҚК «№20 «Ақбұлақ» бөбекжайы» бойынша
бракераждық комиссия отырысының №5 ХАТТАМАСЫ**

Жаңаөзен қаласы
02 .03.2026 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Бракераждық комиссия құрамына енгізілген өзгерістер туралы.
2. Бракераждық комиссияның мақсаты мен міндеттерін қайта қарау.
3. Асхана жұмысының санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін бақылауды ұйымдастыру.
4. Балалардың дұрыс және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету шаралары.

Бракераждық комиссияның негізгі міндеттері:

- асханаға келіп түсетін азық-түлік өнімдерін тасымалдау, жеткізу және қабылдау кезінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау;
- тағам өнімдерінің сапасын, жарамдылық мерзімдерін және сақтау шарттарының талаптарға сәйкестігін тексеру;
- қойма, тоңазытқыш және ас блогының санитарлық жағдайын бақылау;
- дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізу;
- дайын тағам көлемінің балалар санына сәйкестігін бақылау;
- асхана қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау;
- ас мәзірінің дұрыс құрылуын күн сайын бақылау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Нурбергенова Б.К. сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылында балалардың тамақтануын дұрыс ұйымдастыру, асхана жұмысының сапасын арттыру мақсатында бракераждық комиссия құрамына өзгерістер енгізілгенін хабарлады.

Комиссия құрамы:

Комиссия төрайымы: Нурбергенова Б.К. — директор

Комиссия мүшелері:

Лепесбаева К.К. — әдіскер

Избаева Н.Ж. — кәсіподақ төрайымы

Маркашова А.Т. — қоймашы

Сисенова А.М. — медбике


Даулетова З.М. — есепші


Тургалиева А.А. — ата-ана өкілі

Хатшы: Жумалиева Г.

Қаулы етілді:

1. Бракераждық комиссия құрамы бекітілсін.
2. Асхана жұмысына күнделікті бақылау жүргізілсін.
3. Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі қатаң бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:  /Нурбергенова Б.К./

Хатшы:  /Жумалиева Г./